

**Нақты сөзге дайындық.
Күнделікті дайындық**

*Құмға құйылған бұлақ та бар,
Құм құйылған құлақ та бар.
Шырақтан сұлу көздер бар,
Бұлақтан таза сөздер бар.*

Халық даналығы

Салтанатты жиындарда, мүшелтойлар мен мерекелерде, ресми, дипломатиялық кездесулерде және т.б. іс-шараларда шешен арнайы дайындалған баяндаманы оқып айтады. Басқа кездерде шешеннің ұзақ сонар сөздерін тек оқып беруі тыңдарманды жалықтыруы мүмкін, өйткені, шыдамдылық пен зейінділік бар адамда бірдей емес, адамдардың мінез-құлқы мен қабылдауы әртүрлі екені - шындық.

Тақырып туралы

Тақырып - айтылар ойдың негізгі діңгегі. Ой бағыттары, айтылатын сөздер мен көркемдегіш құралдар тақырыпты ашу мақсатына қызмет етуі керек.

Мақсатты айқындау


1. Айтатын ойын нақты, дәлелді, түсінікті жеткізу.

2. Тақырып мазмұнын ашу барысында ой жүйелілігі мен дәйекті дәлел, мағыналы да мәнді қолданыстарды орынды пайдалану.

3. Ойды тұжырымдап, жақсы жұмыс нәтижесіне жеткізер ұтымды ұсыныс айту.

Сөйлеу, ой-ды жеткізу бағыттары. Сөз мәйегі

- 1. Кіріспе сөзден бастап тыңдарманды қызықтыру ізденісі.**
- 2. Бұл бағытта адамдарды (жас деңгейі, ойлау мен қызығу ерекшеліктері, т.б.) не қызықтыруы мүмкін?**
- 3. Қызықты мәлімет, мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері, афоризм, теңеу, т. б.**



Кез келген құбылыс немесе оқиғаға қатысты әр тұлғаның жеке пікірі болады. Ал ол ойды жеткізе алатындар бар, жеткізе алмайтындар бар. Ол үшін пікірталас мәдениетін меңгеру маңызды рөл атқарады. Жаңа заманның талабы да.

- Пікірталас мәдениетіндегі ең бастысы аудиторияға ой тастау, ал көпшілік ойын әрқашан бір арнаға құя бермейді. «Ойды ой қозғайды», жаңа пікір тудырады немесе жаңа пікірдің ашылуына жағдай жасайды, не қарсы көзқарас пайда болады.
- Сұрақтың мазмұнына қарап, оны екіге бөлуге болады:
 - түсіндірме сұрақтар;
 - қосымша сұрақтар;
- Сұраққа берілген жауапқа әрқашан да барлығы бірден келісіп, мойынсұну бола бермеуі де мүмкін, осы тұста пікірталас пайда болады.

Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді қатар қою, салыстыру, салғастыру арқылы өзінің көзқарас, ой-пікірін дәлелдеу.

Пікірталасты мынадай түрлерге бөлуге болады:

- Пікіралмасу
- Ойталасы
- Пікірсайыс
- Ойбөліс
- Айтыс

Пікір – көрген, оқыған, естіген әңгіме, баяндама, көркем шығарма т.б. еңбектер жайындағы әсер, туған ой.

Пікірталас – жастарды көшбасшылыққа баулудың бір құралы да. «Адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі-қолбасшылық, екіншісі-шешендік» - деп ұлы шешен-ділмар **М.Т. Цицерон** айтып кеткендей, жеке пікірдің қалыптасып, жеткізе білудің өзі – үлкен өнер. Қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, көркемсөзді келістіре айту – кез келген жанның бойынан табыла бермейтін қасиет екені анық. Бірақ, жаңа заман талабы мұны талап етеді.

Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы

Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлеме, сөйлесең, шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын.

Ей, перзентім, білгенің жөн, адам - үш түрлі, сөз - төрт түрлі болады. Адамдардың бірінші түрі - біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады. Бұлардың айтатынына тәнті тұру керек. Екінші түрі - біледі, біле тұра білмеймін дейді. Бұлар ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болған жөн. Үшіншісі - білмейді және білгеннің тілін алмайды. Олар ессіз, надандар. Бұл сияқтылардан аулақ жүру керек. Сөз төрт топқа бөлінеді. Біріншісі - білуге де, айтуға да қажеті жоқ сөздер. Екіншісі - білуге де, айтуға да қажетті сөздер. Үшіншісі - білуге қажеті жоқ, бірақ айтуға болатын сөздер. Төртіншісі - білу керек, бірақ айтуға қажетсіз сөздер. Негізінде, дүниенің бар жақсылығы - айту және білу үшін қажетті сөздерге тән қасиет. Бұл сөздер дүние үшін пайдалы болып, айтушыға да, тыңдаушыға да мән-мағынасы әсерлі болуға тиіс. Төрт түрлі сөздің ең абзалы - білуге де, айтуға да қажетті сөздер.

- Пікірталаста шеберлігіңді шыңдаудың да жолдары бар. Ол үшін түрлі пікірталас клубтарының сайыстарын көріп, тәжірибе жинаудың маңызы зор. Ал ең бастысы – білім екенін ұмытпаған абзал. Бұл орайда бірнеше тіл білу де жетістікке жетелейді. Тілді үйрену – ешқашан кеш емес. Кез келген құбылыс немесе оқиғаға қатысты өз пікіріңді жеткізу – жеке тұлға ретіндегі беделіңді асырмаса, төмендетпейді.

Пікірталасқа қажет білім мен білік негіздері

Пікірталас — шешеннің сыналар орны. Ең бастысы шешеннің аудиторияны қызықтыруы. Ол үшін шешен аудитория ерекшелігін жақсы білуі әрі соның сипатына қарай әрекет етуі қажет.

Аудиторияның түрлері

Жасына қарай	Дайындық деңгейіне қарай	Кәсіби белгісіне қарай	Көлеміне қарай	Гендерлік белгісіне қарай	Ұлттық белгісіне қарай
Балалар	Жақсы дайындалған	Нақты ғылым өкілдері	Үлкен	Ерлер	Түрлі ұлттар
Орта жастағы	Орта дайындық деңгейінде	Гуманитарлық	Орташа	Әйелдер	Бір ғана ұлт өкілдері
Үлкендер	Дайындығы төмен	Оқушылар, жұмысшылар	Шағын		

Шешен үшін әр аудиторияға түрлі дайындық қажет. Пікірталастың түр-түріне қарай шешен мен аудитория қатынасы құралады.

Шешеннің міндеті - сол ортаға қарай сөйлеу тілін, тақырып ауқымын, сөйлеу әдебін, қозғалыс, көзқарас, ым-ишара, киім кию ерекшеліктерін дұрыс таңдау.

Пікірталас мәдениетін игеру шешеннің өз-өзімен көп жұмыс істеуін қажет етеді. Шешеннің терең білімді, әдепті де мәдениетті болуы шарт. Басқалардан білім, мәдениет, тың ойымен ерекшелене алатын шешен ғана көпшілікті өзіне қарата алады. Пікірталасқа қатысушылардың, жалпы бүгінгі қоғамдағы жұртшылықтың кез келген ақпараттан хабардар, білімнің әр саласынан мағлұматтары бар екенін де ұмытпаған жөн.

Тыңдаушылардың білетін материалдарын қайталап бергеннен оларды бір ортаға ұйыту қиын. Жұртшылыққа таныс материалдарды салыстыру, салрастыру, қатар қою, талдау әдістерімен қайта жаңғырта білу - шешен шеберлігі.

Пікірталастың қай түріне де дайындық тақырып таңдаудан, тақырыпты талдаудан басталады.



